

***Нұрмолда Алдабергенов
атындағы орта мектеп***

***Ба-сынып жетекшісі
Құсайнова Айгүл Базарханқызы***



**Табиғат, сен- тіршілік, тұнып
тұрған:**

Сен – Күнсің, көтерілген күліп қырдан.

Сен –көлсің,


Сен – ормансың,

Сен - бұлбұлсың,

Адамға сұлулықты шын ұқтырған.

А.Хангелдин



A photograph of a waterfall in a lush green forest. The water is cascading down a rocky ledge into a pond. The surrounding vegetation is dense and vibrant green. The text is overlaid in the center of the image.

**Тасыған өзен судың қуатымен
Көк шалғын шөп бітпеген жай
қалмайды**


**Уа, табиғат, табиғат
Неткен сұлу ғажап-ақ!**






Көкшетау жер жаннаты жеке біткен
Бұл сұлу кең далада бойын күткен.
Қия құз, жақпар сарай, бура тастар,
Тәртіппен көлді айнала сәндеп шөккен.

**Бәрі жасыл:жер жасыл, аспан жасыл,
Жасыл бұлт, жағалай кеп асқарға асыл.
Жабырқап жартастардан қашқанда сұр,
Жасыл маң, ағыта гөр тастарға сыр.**



A vibrant landscape photograph showing a clear, turquoise lake in a mountain valley. The lake is surrounded by snow-covered mountains and dense evergreen forests. The sky is a clear, bright blue. The water reflects the surrounding scenery, creating a mirror-like effect. The overall scene is peaceful and scenic.

**Су-тіршілік, су-өмір, су-қорегің,
Суың болса,табылар бар көрегің.
Көк орман ,көркем тоғай маужыраған
Сұлудың көзіндей көл жаудыраған**

**Жұлдыз, аспан, бүкіл әлем - сен үшін
жаралған**









Сабақтың тақырыбы: Менің жасыл әлемім

•Сабақтың мақсаты:

- 1.Адам және табиғат тұтастығы, табиғатты қорғаудың құндылығы туралы түсініктерін тереңдете отырып, қоршаған ортаны, табиғатты сүю, аялай білуге тәрбиелеу.
2. Тұлғалық қасиеттерін қалыптастыра отырып; адамгершілікке, адалдыққа, еңбекқорлыққа баулу. Іздену, өз бетімен білім алу, алдына қойған мақсатқа жетуде табандылық пен төзімділік қабілеттерін дамыту.

Сабақтың міндеттері: ■ ■

- іздену, өз бетімен жұмыс істеуге ықпал ету.
- Өз ойын және өзгенің ойын дұрыс түсініп, түзетіп, бір-біріне деген жауапкершілікті сезіне білуге, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.
- Қоршаған орта мен адам өмірі арасындағы байланыс туралы түсініктерін дамыта білуге, үндестікте өмір сүруге бейімдеу.
- ой-өрісін, көзқарасын, тіл байлығын дамыту.
- Әсем табиғаттың байлығын қорғай білуге үйрету



Күтілетін нәтиже

1. Табиғат туралы білімдерін тереңдетеді, анықтамаларды біледі, табиғатқа деген көзқарастарын қалыптасады;
2. Адам мен табиғат қарым-қатынасын рухани деңгейге көтереді, олардың түсінеді.
3. Оқушылар табиғатты қорғайды
4. Оқушылар табиғат туралы дәлелдерді талдайды.
5. Табиғат туралы білімдерін жинақтап, саралайды.

Көрнекті құралдар: Ұлағатты сөздер, ұлттық педагогиканың элементтері, топтық жұмыс, үлестірмелі құралдар (маркер, фишка),

Әдіс –тәсілдер: Ойын әдісі, интерактивті, кластер құру, синквейн әдісі



Ой қозғау

1-топ

- Адам өміріне не қажет?
- Қоршаған ортаны қорғаудың мақсаты қандай?

2-топ

- Бізді қоршаған ортаға не жатады?
- Табиғат сұлулығын қалай сезінуге болады?



1 топ. Адам өміріне не қажет?



2 топ. Бізді қоршаған ортаға не жатады?





«Блиц» ойыны. Алдына ала оқушыларға берілген тапсырма бойынша сұрақтармен жұмыс

Бір-біріне қарама –қарсы тұрып, сұрақ қояды, ойланбастан қойылған сұраққа бірден жауап береді.

1-ші оқушы табиғат жайлы сұрақ қояды,

2-ші оқушы туған жер туралы сұрақ қояды.





Табиғат сұлулығына тамсанамыз...

Сұлулық, жомарттық...

Құбылмалық пен мәңгілік..,

Қайталанбастық пен...

Сан алуандылық...

Шығармашылық жұмыс: 4-6мин. беріледі

Адам мен табиғат – біртұтас. Табиғатпен етене жақын адам – нағыз бақытты адам

а) «Мен табиғатты сүйемін” ә)«Табиғатпен сырласу»

б) « **Егер табиғатқа тіл бітсе...»** в) «**Егер мен суретші болсам...»**

өз ойларыңды қағаз бетіне түсіруге тырысыңдар, сендерге ойлану уақыт беремін....

(Әр топқа маркер, бір А4 қағазы таратылған. Олар жазбаша түрде өздерінің көзқарастарын білдіреді, бір-бірін толықтырады және бір оқушы қорғайды.)





Сабақты қорытындылау : Менің өлкем қандай көркем!

Топпен жұмыс. 1. Өз өлкесінің табиғи ерекшелігіне сипаттама беру

1-топ Кластер

2-топ Эссе

2.Көрме : а)«Жүрегім жыр толғайды» шығармашылық жұмысын қорғату

. (Өлең, ән жолдары, эссе...)

ә)Біздің шығармашылық тартуымыз. (Сурет, қолөнер, бисерлік жұмыс ..)

Әр топтан бір оқушы өз шығармашылығын (топтық) қорғайды.





Рефлексия

- Тәрбие сағатынан алған әсеріміз қандай?
- Табиғаттың сақталуына сен қандай үлес қоса алдың?
- Болашақта жасыл әлеміміздің сақталуы үшін не жасалғанын қалар едің?



Бүкіл әлем сенің қолыңда

